



KASE АПТАЛЫҒЫ

26–30 Қаңтар, 2026

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2026 жылғы ақпанда өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші сыныптарының бағалы қағаздарының тізімін [қалыптастырды](#).
- Маркет-мейкерлер қызметінің [ережелеріне](#) түзетулер енгізілді.
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы [нұсқаулыққа](#) және Мәмілелер жасау мақсатында сауда-клирингтік шоттарды пайдалану [ережелеріне](#) түзетулер қолданысқа енгізілді.
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілік функциясын анықтау [әдістемесі](#) жаңа редакцияда қолданысқа енгізілді.
- KASE ресми тізіміне "ALTYN SAMRUK QAZAQSTAN" АҚ-ның [KZ2C00016905](#) (ASKQb2), "Home Credit Bank" АҚ ("Forte Bank" АҚ ЕБ) [KZ2C00017119](#) (HCBNb21) және [KZ2C00017127](#) (HCBNb22) облигациялары, "Onemotion" ЖШС облигацияларының [үш шығарылымы](#), "Ломбард "GoldFinMarket" ЖШС облигацияларының [төрт шығарылымы](#), АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық облигацияларының [екі шығарылымы](#) және американдық депозитарлық қолхаттар [US23292B1044](#) (HEPSd) енгізілді.
- KASE-де Solidcore Resources plc [JE00B6T5S470](#) (CORE_KZ) жай акцияларымен, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00016095](#) (BRKZb47) және [KZ2C00016103](#) (BRKZb48), "Lender" микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00016074](#) (MFLNb1), "Fincraft Group" ЖШС [KZ2P00017031](#) (NCOMb11) және "Лизинг Групп" АҚ [KZ2C00016731](#) (LZGRb15) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Азия даму банкінің XS2971950428 (ASDBe19) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық [жаңартылды](#).
- KASE-де "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС облигацияларымен сауда-саттық [тоқтатылды](#).
- Сауда-саттық режиміне "таза" бағамен "Ломбард "GoldFinMarket" ЖШС [KZ2P00015696](#) (MFLGb22), "Fincraft Group" ЖШС [KZ2P00017031](#) (NCOMb11) және "Birincshi Lombard" ЖШС [KZ2P00016413](#) (MFBLa10) облигациялары аударылды.
- "Фридом Финанс" АҚ-на KASE-де үш атаудағы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "Фридом Финанс" АҚ-на "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00015394](#) (MFOKb28) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-на Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі KZKD00001269 (MUM120_0020) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ-на KASE-де үш атаудағы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрлігі 28,3 млн МЕУКАМ [KZKD00001228](#) (MUM096_0014), 44,4 млн МЕУКАМ [KZKD00001269](#) (MUM120_0020) және 73,5 млн МЕУКАМ [KZKD00000717](#) (MUM180_0009) орналастырды.
- "Лизинг Групп" АҚ [KZ2C00016731](#) (LZGRb15) облигацияларын орналастыра отырып, \$62,0 мың [тартты](#).
- "Home Credit Bank" АҚ ("Forte Bank" АҚ ЕБ) [KZ2C00017119](#) (HCBNb21) облигацияларын орналастыра отырып, 10,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС жазылу арқылы [KZ2P00016488](#) (CLSGb10) үш жылдық облигацияларын орналастырып, 5,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС лицензияның қолданылуын үш ай мерзімге тоқтата тұру туралы [хабарлайды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2025 жылы энергия үнемдеу есебінен 361 млн теңгеден астам қаржы [үнемдеді](#).

30.01.2026	Трендтер (%)		
KASE Индексі	7 702,60	4,3	9,5
	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а


АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	41 950,0	11,0	49,3
AT&T Inc.	25,7	10,0	3,5
АО "Народный Банк Казахстана"	401,9	9,5	8,7
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	24 000,0	7,2	11,5
Intel Corporation	48,4	4,7	27,2
Bank of America Corporation	53,3	3,2	- 3,8
Pfizer Inc.	26,4	3,0	5,6
Apple Inc.	256,6	2,6	- 6,1
NVIDIA Corp.	191,4	2,1	1,9
АО "Кселл"	3 313,6	0,1	- 2,3
АО "Банк ЦентрКредит"	4 730,5	0,1	- 1,4
АО "KEGOC"	1 472,0	- 0,0	- 4,7
АО "Эйр Астана"	870,8	- 0,5	- 2,6
АО "Казакхтелеком"	44 553,0	- 0,6	2,9
АО "КазТрансОйл"	966,0	- 1,0	2,1
АО Kaspi.kz	39 901,0	- 1,1	- 0,7
Freedom Holding Corp.	130,0	- 1,4	1,0
Tesla, Inc.	441,5	- 2,1	- 4,3
АО "ForteBank"	15,8	- 2,6	13,4
АО "KM GOLD"	60,0	- 4,7	- 9,5
Advanced Micro Devices, Inc.	241,8	- 7,1	12,2
PayPal Holdings Inc.	52,5	- 7,7	- 11,4
Microsoft Corporation	433,2	- 7,9	- 11,3

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



KASE жергілікті индексі кезекті тарихи максимумға жетіп, аптаны 7 702,60 тармақ деңгейінде жапты. Өсім 4% құрады. Жасыл аймақта аптаны 10 индекстік акцияның 6-ы аяқтады.

Үшінші апта қатарынан KASE индексінің локомотиві Қазатомөнеркәсіптің жай акциялары болып отыр, олар бір аптада 11%-ға өсті. Уранның бағасы ұзақ мерзімді сұраныстың өсуі аясында бір фунт үшін 101,5 доллар шамасында максимумға жетіп, өз раллиін жалғастырды.


Халық банктің акциялары күшті өсім көрсетті. Қағаз 10%-ға қымбаттады. Халық банктің қағаздарынан айырмашылығы, қаржы секторының басқа өкілдері әртүрлі бағыттағы динамиканы көрсетті: ЦентрКредит Банкі акцияларының бағасы шамалы 0,1%-ға өсті, ал Kaspi.kz акциялары 1%-ға арзандады.

Мұнай бағасының өсуімен бірге ҚазМұнайГаз акциялары да 7%-ға өсті. Сонымен қатар, ҚазТрансОйл акциялары индекстік себеттің аутсайдерлерінде болып, бағасында 1% жоғалтты.


Сонымен қатар, Эйр Астана мен Қазақтелеком акцияларының апталығы минуста аяқталды. Апта қорытындысы бойынша қағаздар тиісінше 0,5% және 0,6%-ға арзандады.

Ақша нарығында TONIA бір күндік репоны тарту мөлшерлемесі апта қорытындысы бойынша жылдық 17,95%-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі бір аптада жылдық 10,73%-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Желтоқсан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,3 %, бір АҚШ доллары үшін 505,73 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 280 млн АҚШ долларынан 359 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 7,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Жалпы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша теңге бағамы 3,7 %, бір АҚШ доллары үшін 525,10 теңгеден 505,73 теңгеге дейін нығайды. Сауда-саттық көлемі 63 млрд АҚШ долларын құрап, 15 % артты.

Республикалық бюджетке трансферт бөлу, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыру үшін 2025 жылдың желтоқсанында Ұлттық қордан 400 млн АҚШ доллары сатылды, бұл сауда-саттықтың жалпы көлемінің 5 % немесе күніне шамамен 18 млн АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, 2025 жылы Ұлттық қордан барлығы 8,2 млрд АҚШ доллары сатылды.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттерді айырбастауға арналған болжамды өтінімдері бойынша 2026 жылдың қаңтарында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 350-ден 450 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айналау операциялары аясында желтоқсан айында 475 млрд теңге стерилизацияланды. 2025 жылы айналау операциялары аясында БРҚ-дан сатылымдар 7 миллиард АҚШ долларын құрады.

2026 жылдың I тоқсаны ішінде айнадағыдай қаталау операциялары шеңберінде басым құқықты іске асырудан болжамды эмиссияны бейтараптандыру мақсатында, сондай-ақ алтын бағасының елеулі өсуі аясында 2025 жылы қалған алынбаған өтімділікті ескере отырып, шамамен 1,1 трлн теңгеге баламалы сомаға шетел валютасын сатуды жүзеге асыру жоспарланған. Желтоқсан айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.


Квaziмемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату шамамен 315 млн АҚШ доллары көлемінде болады.

Бұрын айтылған жоспарға сәйкес, БЖЗҚ-ның валюталық активтерінің үлесі 40 %-дан асатынын ескере отырып, Ұлттық Банк желтоқсан айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды жүзеге асырмады. Қаңтар айында валюта сатып алу да жоспарланбаған.

Шетел валюталарының бағамы

динамикасы


Δ %, база (01.01.25)



GBP	KZT	688,80	1,18	2,08	5,22
USD	KZT	501,02	-0,46	0,12	-3,89
EUR	KZT	597,27	1,12	1,56	9,96
CNY	KZT	72,08	-0,28	0,76	1,02
RUB	KZT	6,59	-0,45	3,27	32,87

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Global indices

Name	Value	Trend %			Futures
		7D	1M	1Y	
 S&P 500	6 939,03	0,3	1,4	14,9	0,3
 Dow Jones	48 892,47	-0,4	1,7	9,3	-0,5
 RTS	1 157,53	0,5	3,9	22,1	
 MICEX	2 782,74	0,2	0,6	-5,7	
 Hang Seng	27 387,11	2,4	6,9	35,4	2,9
 SS CSI 300	4 706,34	0,1	1,7	23,3	0,1
 Euro Stoxx 50	5 947,81	0,0	2,7	13,7	-0,1
 FTSEuroFirst	6 716,50	0,4	2,7	15,9	0,5
 FTSE 100	10 223,54	0,8	2,9	19,5	0,6
 KASE	7 702,60	4,3	9,5	35,9	

Commodities market

January 30, 2026

Name	Price	Trend %		
		7D	1M	1Y
Oil (Brent)	70,69	7,3	16,2	-8,0
Oil (WTI)	65,21	6,8	13,6	-10,3
Natural gas	4,35	-17,5	18,1	42,9
Copper	592,40	-0,4	4,3	37,5
Iron	808,00	0,8	0,1	-0,9
Gold	4 894,23	-1,9	13,3	75,1
Silver	78,53	-22,5	11,2	141,7
Wheat	538,00	1,6	6,1	-5,0

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
02.02 Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаң)	USD	51,9	51,8
04.02 Тұтыну бағасының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаң)	EUR	1,8%	1,9%
04.02 Қызметтер секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаң)	USD	52,5	52,5
05.02 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (ақп)	GBP	3,75%	3,75%
05.02 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (ақп)	EUR	2,15%	2,15%
05.02 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға бастапқы өтінімдер саны	USD	213K	209K
06.02 Ауыл шаруашылығына жатпайтын секторда жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі (қаң)	USD	67K	50K

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	12,3%	01.01.26	12,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	65,7	01.01.26	61,8
Ақша базасы, млрд KZT	15 678,7	01.01.26	13 765,3
Ақша масса, млрд KZT	52 751,8	01.01.26	49 027,5
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 позитивті

22.08.25

BBB-/A-3 тұрақты

Moody's

Baa1/тұрақты

01.10.25

Baa2/позитивті

FitchRatings

BBB/тұрақты


15.07.25

BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6,
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-
қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.